

Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы С.С. Әйімбетовтің 2012 жылғы 2 сәуірдегі ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын дамыту: 2011 жылдың қорытындылары және 2012 жылға арналған перспективалар» деген тақырыптағы Үкімет сағатында жасайтын қосымша баяндамасы

**Құрметті Сергей Александрович,
Құрметті депутаттар!**

Әлемде белгілі тұлғалардың статистика туралы көптеген нақыл сөздері мен ойлары бар. Мысалы, атақты ойшыл, ХІХ ғасырдағы неміс әдебиетінің кемеңгері Иоганн Гете статистиканың айтарлықтай рөлі туралы: **«Цифрлар әлемді басқарады дейді. Жоқ, олар әлемнің қалай басқарылып жатқанын ғана көрсетеді»** деген екен.

Осыған орай, ресми статистика ең алдымен, ел экономикасының әлеуметтік-экономикалық үрдістерінің объективті және нақты бейнесі болуға, сондай-ақ жүргізіліп жатқан статистикалық деректерге қоғам сенімінің деңгейін арттыруға тиіс. **Дәйектілік, сапа және сенімділік** – міне, статистикада қамтылуға тиіс негізгі критерийлер.

Әлихан Асханұлының баяндамасында айтылған жағымды көрсеткіштерге қарамастан, статистикалық ақпараттың сапасына байланысты кейбір проблемалық мәселелерге сіздердің назар аударғаныңызды жөн көремін.

Біріншіден, бүгінгі таңда мемлекеттік статистика жүйесінде мемлекеттік органдар әзірлейтін статистикалық көрсеткіштер туралы ақпаратты біріктіретін бірыңғай құжат жоқ.

Біздің пікірімізше, әкімшілік және статистикалық есептілік арасындағы үйлестіру тетіктерінің түпкілікті шешілмеуі және осы ұйымдардың статистикалық деректерін шығару кестесінің реттелмеуі бұған басты себеп болып отыр. Осының салдарынан өзара интеграция мен деректер алмасуда проблемалар туындайды, сондай-ақ көбінесе ведомстволардың мүдделері де әрқалай болып келеді. Осы мәселені шешу үшін қолданылып жүрген және мемлекеттік органдар әзірлейтін анықтамаларды, жинақтарды, бюллетеньдерді және т.б. ведомстволық сыныптаудың бірыңғай әдістемесін енгізу жолымен мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіруді жақсарту қажет деп санаймыз.

Екіншіден, статистикалық ақпаратты пайдалануды жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, пайдаланушыларды үйрету және олармен тығыз байланыс орнату мәселелері де өзекті болып отыр.

Пайдаланушылар статистикалық байқаулар өткізу және қажетті статистикалық деректер алу мүмкіндіктері туралы жеткілікті хабардар емес. Деректерді, оның ішінде Интернет-ресурстарда интерактивті серпінді кестелерді дербес қалыптастыру мүмкіндігі жоқ.

Осы мақсаттарда, Әлихан Асханұлының баяндамасында атап көрсетілгендей, Агенттік барлық пайдаланушылар үшін статистикалық ақпаратпен жұмыс жасаудың өте қолайлы құралын – «Талдау» ақпараттық жүйесін әзірледі. Оның **600**-ден астам статистикалық көрсеткіштерді қамтығанымен халықтың, шағын және орта кәсіпкерліктің қолжетімді және уақтылы статистикалық деректерге қажеттіліктерін қанағаттандыру қажет. Осы үшін «Талдау» жүйесінде өңірлер бойынша, тараулар бойынша, статистика сыныптауыштары бойынша қажетті ақпаратты іздеудің тиімді және ыңғайлы тәсілін қамтамасыз ететін статистикалық көрсеткіштердің санын кемінде **3 есе** ұлғайту керек деп есептейміз.

Осы жерде, респонденттерге арналған жүктемені азайту үшін статистикалық есептер нысандарының санын азайту және Интернет арқылы on-line режимінде статистикалық нысандар толтыруды енгізу қажет.

Үшіншіден, мемлекеттік статистика құрылымында статистика саласындағы ғылыми және әдіснамалық әзірлеулерге жауапты құрылымдық бөлімшелер жоқ.

Іс жүзінде статистиканың негізгі қызметі деректер жинауға шоғырландырылған, ал оның **10 пайызы** ғана деректер жинауды жақсартуға бағытталған статистикалық әдіснамаларды әзірлеуге және енгізуге келеді. Нәтижесінде, статистикалық өндірістің әдіснамасы мен оны ұйымдастыру

жұмысы баяу қарқынмен жетілдірілуде. Ол үшін әдіснамаларды, нұсқаулықтарды жетілдіру бөлігінде халықаралық стандарттарды одан әрі енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Сонымен қатар республиканың шынайы әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсететін экономика секторлары бойынша нақты цифрларды алу үшін статистика органдары ең алдымен, тәуелсіз сарапшыларды, алдыңғы қатарлы ғылыми кадрларды, жаңа инновациялық технологияларды тартуға тиіс.

Төртіншіден, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының индустрияландыру картасы бойынша, Кеден одағы елдерімен өзара сауданың ағымдағы көлемі туралы деректерді дұрыс ақпараттық-статистикалық қамтамасыз етудің және республиканың Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі туралы ақпараттардың қажеттілігі туындайды. Бұдан басқа, қолда қанша астықтың, мал және құс бастарының бар екендігі, ластаушы заттардың ауаға шығарылуы, халықты жұмыспен қамту мен кедейшілігі бойынша өмір сүру деңгейі және т.б. жөніндегі дәл статистикалық деректер сайлаушылардың үлкен сұранысын тудырып отыр.

Мысалы, егер тұрғын үй құрылысы саласын алатын болсақ, онда халыққа қанша тұрғын үй тұрғызылуда және берілуде, олардың сапасы мен жайлылығы, сондай-ақ тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың санаттары туралы

мәліметтер, оның ішінде халықтың жеке тұрғын үй салуға шығындарын бағалау және тағы басқалары туралы білу қажеті туындайды. Сондықтан, Агенттіктің уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, барлық мемлекеттік және салалық бағдарламалардың орындалуы, олардың көрсеткіштері мен индикаторлары туралы мәліметтерді әзірлеуі және оларды «Талдау» жүйесіне енгізуі қажет.

Бесіншіден, пайдаланушылар үшін макроэкономикалық көрсеткіштер туралы, оның ішінде экономиканың түрлі салаларындағы бағалар, жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) бақыланбайтын экономиканың үлестері туралы ақпарат аса қажет болып табылады. Сонымен қатар азаматтар әсіресе, азық-түлік пен тұтыну бағасының тоқтаусыз өсуін сезетін халықтың осал топтары: жыл қорытындылары бойынша инфляция деңгейінің өзгеруі нарықтағы шынайы бағаға неге сәйкес келмейді? - деген сұрақты жиі қояды. Мәселен, статистиканың деректері бойынша, егер **2011жылғы** тамызда инфляция **9** пайызды құраса, ағымдағы жылдың ақпан айының соңында ол **4,7** пайыз деңгейінде қалыптасты, яғни, инфляция **2** есеге дерлік азайды.

Бізге белгілі болғандай, Агенттік бүкіл республиканың аумағы бойынша үй шаруашылығында тұтынылатын тауарлар мен қызметтер көрсету жиынтығының **508** позициясы бойынша зерттеу жүргізуде. Бұл ретте

тауарлар сату бойынша таңдау көлемі – **39 пайызды**, ал ақылы қызметтер көрсету бойынша бар болғаны **11 пайызды** құрайды.

Үй шаруашылығының тұтыну шығыстарын зерттеуді қамту үлкен проблемалық мәселе болып отыр. Бүгінгі таңда біздегі **4 млн. 300 мың** шаруашылықтың **12 мың** шаруашылығында ғана зерттеу жүргізілуде, яғни зерттеу тек қана **0,28** пайызды ғана құрайды.

Сондықтан, бізде барлық осы көрсеткіштерді есептеу әдістемесін жақсарту туралы Агенттікке тілегіміз бар.

Сонымен қатар, есептелетін баға индексінің статистикалық дәлдігі - ұсынылатын ақпараттың сапасына тікелей байланысты болуда.

Бүгінгі таңда кірістер мен шығыстарды, тұтыну бағаларын зерттеу мен өңір және республика экономикасын болжамдау, жоспарлау деңгейінің сапасы зерттеуді жүргізетін адамдарға байланысты. Алайда олардың әлеуметтік мәртебесі және қызметтеріне ақы төлеу тәртібі әлі күнге дейін анықталмай отыр.

Алтыншыдан, біздің Комитет осы Агенттіктің әрбір жеке өңірдің, оның ішінде моноқалалар мен ауылдардың дамуын сипаттайтын өңірлік статистикаға басты назар аударуы керек деп санайды. Бұл елдің қай өңірлер бөлінісінің жерінде депрессиялы, қай жерде дамушы аумақтық елді мекендердің орналасқандығын анық көруге

мүмкіндік береді. Бұл жерде экономиканы дамыту үшін қажетті өңірлік талдау құралы болып табылатын статистикалық есептердің жүйесі мен критерийлерін әзірлеу қажет.

Құрметті депутаттар!

Сөзімді аяқтай келе Әлихан Асханұлына алғыс айта отырып оған Агенттіктің алдына қойылған міндеттерді шешуде табыстар тілеуге рұқсат етіңіздер!

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!